**«БЕКІТЕМІН»**
**Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Шардара аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы МКК-ның басшысы**

**______________________ М.Сейтханов**

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ТІЗІЛІМІ

| № | Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде ұсынымдар | Ұсынымды орындау нысаны | Уәкілетті органның ұстанымы<br>*Ұсынымда басқа мемлекеттік органға жіберген жағдайда* | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1. | Шардара аудандық орталық ауруханасының жауапты қызметкерлері тарапынан тәртіп шара көру іс-құжаттарын жинақтау барысында қызметкерден жазбаша түрде түсініктеме талап жазбау фактілері анықталған. Талап жазбау қызметкерлер арасында өзара келісім жасасу сияқты сыбайлас жемқорлық тәуекелін туындатуы, маманға пара ұсыну фактілері болуы мүмкін; | Кәсіпорын қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарымен дер кезінде таныстыру, қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттері туралы сұрақтары бойынша құқықтық сауаттылығын көтеру. Қызметкерлердің атқаратын қызметтік міндеттемелерімен байланысты болатын пара алу жөніндегі әретке негативті көзқарасын қалыптасыру. | Бұйрық | - | 01.12.2025 жылға дейін |
| 2. | Кәсіпорынның кейбір бұйрықтарында | Қызметкерлерге қосымша жұмыс | Бұйрық | - | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлерге міндеттерді қоса атқарғаны үшін тағайындалған қосымша ақылардың заңдылығы күмән тудыруда;<br>Кәсіпорынның жауапты қызметкерлері өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдаланып, қосымша ақыны негізсіз тағайындау фактілері болуы мүмкін. Бұл әрекеттер өз кезегінде бөлімше қызметкерлерімен сөз байласу арқылы, пара беру фактілері орын алуы мүмкін. | жүктеп, жасалатын жұмыстың көлемін ескере отырып, тағайындалатын қосымша ақылардың заңдылығын анықтау үшін, Шардара аудандық орталық ауруханасының тарификация комиссиясына қарауға беріліп, жасалатын жұмыс көлемін нақтылау жұмыстарын жүргізу қажет етіледі. | | | 01.12.2025 жылға дейін |
| 3. | Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын бұза отырып, КТРУ кодтары бірдей 4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын біртекті тауарларды бөлшектеу арқылы, бір көзден «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдана отырып жүзеге асырған. | Өнім берушілер:<br>- «Satti Group» ЖШС-мен 04.02.2025 жылғы №31 Келісім Шарты,<br>- «ЦентрАзияНутришинал» ЖШС-мен 19.02.2025 жығы №45 Келісім Шарт,<br>- "СибКазЭнергоПром" ЖШС-мен 31.12.2024 жылғы №3 Келісім Шарты,<br>Аталған келісім шарттарды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын бұза отырып, КТРУ кодтары бірдей 4000 айлық есептік көрсеткіштен асатын біртекті тауарларды бөлшектеу арқылы, бір көзден «Электронды дүкен» мемлекеттік сатып алу тәсілін қолдана отырып жүзеге асырып, мемлекеттік сатып алу заңнама талаптарын бұзған.<br>Ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу заңнама талаптарына сәйкес, мемлекеттік сатып алынатын біртекті | Бұйрық | - | 01.12.2025 жылға дейін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тауарларды біріктіре отырып, олардың мөлшері 4000 айлық есептік көрсеткіштен асқан жағдайда, бәсекелестік ортада конкурстық тәсілмен өткізуге міндеттеледі. | | | |